Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№11 (548)
14 наурыз,
2024 жыл

ЖАНКЕНТТІҢ ЖАСЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Археология және этнография ғылыми орталығының ғылыми қызметкері Жетесби Сұлтанжанов Германияның Тюбинген университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп, елге оралды.

Осы орайда шетелде біліктілігін шыңдаған ғалыммен тағылымдаманың маңызы, археологияның даму барысы жөнінде әңгімелестік.

– «500 ғалым» бағдарламасы аясында Германияда ғылыми тағылымдамадан өттіңіз. Бұл елдегі білім беру жүйесінің ерекшелігі неде? Германияны таңдауыңызға не себеп болды?

– Германияның жоғары оқу орындары әлемдегі ең үздік, яғни ТОП – 200 университеттің қатарында. Бұл елді таңдауымның себебі білім берумен қатар, ғылым саласы, оның ішінде археологиясы жақсы дамыған. Эберхард Карл атындағы Тюбинген университеті мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті бірнеше жылдан бері әріптестік байланыс орнатып, археологиялық бағытта бірлескен жұмыстар атқаруда. Екі елдің ғалымдарын біріктірген жобаларға өзім де қатыстым. Сонымен қатар, бұл білім ордасынан бөлек Неміс археология институтындағы Еуразия департаментінің материалдарымен таныстым.

Тағылымдама алты айға созылды. Оқу орындарының кітапхана қорымен қатар Еуразия департаментінде Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей сияқты бізге жақын орналасқан мемлекеттер туралы мәліметтер базасы бар. Бұл тақырыпты тереңірек тануыма жол ашты. Тюбинген университетінде негізінен ғылыми жұмыс жүргізудегі еуропалық әдістерді меңгердім. Еуропалық зерттеушілердің монография, диссертацияларының өзіндік ерекшелігі болатыны рас.

5-бетте

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ: БҰЛДІРШІНДЕРГЕ ҚИЯНАТ КӨБЕЙДІ

Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

Бүгінде әлсізге әлімжеттік көрсетіп, жұдырық ала жүгіру белең алды. Әсіресе балаға қатысты зорлық-зомбылық оқиғалары жаға ұстататыны жасырын емес. Мәселен 2022 жылы 719 кәмелетке толмағандар жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың құрбаны болған. Қоғамдағы өзекті мәселенің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутоагрессивті мінез-құлық пен суицид. Бұл бойынша өткен жылы 95 факт тіркелген.

2023 жылға арналған Wisevoter есебінің дерегіне сүйенсек, Қазақстан суицид статистикасы бойынша 178 елдің ішінде 19-ыншы, балалық шақтың қорғалуы бойынша елдер рейтингінде 180-нен 50-інші орынға жайғасқан. Енді кешенді жоспарлар бекітілуде. Бұл құжат бала құқығын қаншалықты қорғамақ? Ал психологиялық күйіне кім жауапты? Саралап көрелік.

2-бетте

КРЕДИТОМАНИЯ ЕСЕПІ

Жастар несиеге неге құмар?

Қазақстанның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова Мәжіліс кулуарында елімізде 18-20 жас аралығындағы 480 мың адамның тұтынушылық несиесі бар екендігін атап өтті. Оның ішінде проблемалық қарыз алушылардың саны 47 мың адамға жеткен. Мәселені шешу үшін заң аясында жастарға несие беруді шектеуге қатысты шара қабылдауға ұсыныс ортаға салынған болатын. Ендігіде қарызға батқан студенттер несие рәсімдей алмайды. Яғни тұрақты табыс көзі жоқ студенттер мен жұмыссыз жастар банк көмегінен үміттенбесе болады.

Әлеуметтік желіде қарызға несие алып беремін деген жарнамаға көптеген жанның алданып қалғаны туралы бейнероликтер тараған болатын. Досы, жақын адамы қиын жағдайға түсіп, төлеймін деген бір сөзіне сеніп, банкке берешек болғандар, бүгінде біреудің несиесін төлеумен-ақ әбігер. Көпшіліктің жастар несиесіне қатысты пікірі де нақты емес. Бірі төлей алса неге алмасқа десе, енді біреуі бұл бойға сіңіп бара жатқан жат қасиет деп біледі.

Мәселенің мәні мынада: жастардың несие алуға мүмкіндігі жоғары, себебі банктер бұл процессті оңтайландырып қойған. Жұмыссыз болса да, несиеге қол жеткізуге еш кедергі жоқ. Бизнес бастаймын деп те банкке берешек болып жатқандар аз емес. Алайда қарызға белшеден батуды доғаратын сәт қашан туады? Жалынды жастар еңбекке емес, неге шалқып өмір сүруге құмартып кетті? Сауалдарға жауап іздеп көрелік...

2

ЖЕЗ КИІГІМ – ШЕР-КҮЙІГІМ

Ақбөкен – ежелден киелі жануар. Қазақ оны киік деп те атайды. Бұл аң жер бетінде мыңдаған жылдар бұрын мекен еткен мамонттармен бір дәуірде өмір сүрген деседі. Олар өз түрін сақтап қалу үшін әлі күнге күрес үстінде келе жатыр.

Қазақстандағы мекен ететін аймағы – Бетпақдала мен Үстірт. Бетпақдала солтүстік өңірден бастап, Жезқазғаннан оңтүстікке қарай орналасқан. Үстірт популяциясы батысты кесіп өтеді. Олар табиғаттың ауа райына қарай тез бейімделеді. Қыстың сақылдаған сары аязынан қорықпайды, қорғану мақсатында қыста терісінің түсі ақшыл түске, жаз бен күзде қоңырқай түске боялады. Шөбі биік емес жерді мекендегенді ұнатады. Себебі олар жан-жағын бақылап отыру үшін ашық алаңдарда жүруі керек.

6

«Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс...»
Абай

КӨК ЕСЕК ПЕН КӨП ЕСЕП

Рамазан – дос-жарандармен қойын-қолтық араласып, бауырмашылдық беки түсетін берекелі де мерекелі ай. Себебі, ауызашарға шақырасың немесе шақырыласың дегендей...

Жуырда ел қамы үшін қалам тербеп жүрген журналистермен дастарханда болдық. Ауызашар уағыз-насихатсыз өтсін бе? Қаламдас досым Жанәділ ауылдағы көк есек жайлы әңгімені тәптіштеп баяндап берді. Ғибрат аларлықтай-ақ екен. Болған оқиға қасиетті Рамазан айына қатысты болғандықтан, іште сақтап қалу мүмкін емес. Өздеріңізбен бөлісуді жөн көрдік.

6

Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

Бала қауіпсіздігі: бүлдіршіндерге қиянат көбейді

КРИМИНОГЕНДІК ЖАҒДАЙ КҮРДЕЛІ

Қазақстан Үкіметі 2023 жылғы 31 тамыздағы қаулысымен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіткен болатын. Құжатта қылмыстың көбейгені және Ішкі істер органдарының есебінде 6 мыңға жуық қолайсыз отбасы тұрғаны жазылған. Осы тұста жүйелік проблемалар да қылаң береді. Яғни қолайсыз отбасылармен жұмыстың жеткіліксіз болуы, көптеген білім беру ұйымдарында арнайы штаттың болмауына байланысты әлеуметтік педагогтың жұмыс нәтижесі төмен және балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларына мемлекеттік органдардың ден қою алгоритмі мен әлеуетті зорлаушылардың мінез-құлқын түзету жөніндегі шаралар кешені жоқ. Сондықтан болар, баланың психоэмоционалды жағдайын бақылайтын мамандардың біліктілігін арттыру назарда.

– Балаларға қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп кетті. Мұндай оқиғалар мектепте, көшеде, тіпті, үйде болып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өзіне қол жұмсауына себепкер болып отыр.

Тіпті ата-аналардың өздері баласына қорлық көрсетіп, оның арты қайғылы жағдайға ұласып жатады. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы әлсіз. Жауапты мекемелер мен құқық қорғау органдарының қызметі ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарауымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Расымен бала қысымды емес қорғауды қажет етеді. Қай ортада да, қай орында да қауіпсіздікті қадағалау маңызды. Өйткені отбасында күңкілмен күш көрсетіп, тәртібін түзеймін деп артық кеткендер жоқ емес. ЮНИСЕФ және адам құқықтары жөніндегі өкілдіктің Қазақстандағы 2016 жылғы зерттеуіне сүйенсек, ересектердің 75%-ы баласын тәртіпке салуда күш қолданады екен. Тіпті 14 жасқа дейінгі балалардың 53%-ы отбасында психологиялық агрессияның куәсі болған.

БАЛА БІР УАҚЫТТА БІРНЕШЕ ЖӘБІР ТҮРІНІҢ ҚҰРБАНЫ БОЛАДЫ

Зорлық-зомбылық тек күш көрсетумен шектелмейді. Буллингтің өзі баланы суицидке сүйрелейтінін мойындауымыз керек. Әрбір бесінші жеткіншек буллингтің құрбаны болады десек, әлем бойынша жылына 1 млрд-қа жуық кәмелетке толмаған бала эмоционалдық, сексуалдық, физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған.

– Былтыр Оқу-ағарту министрлігімен бірге Қазақстандағы балалардың онлайн қауіпсіздігі бойынша зерттеу жүргіздік. Қазақстанда да балалар ерте жастан интернетке жылдам қосыла алатынын көрдік. Зерттеуге сүйенетін болсақ, интернетке қосылатын балалардың 49 пайызы 5 пен 8 жас аралығында. Ал 5 пайыз бала одан да ерте, яғни 4 жасқа дейін интернетке қосылады. Сондықтан осы мәселеге назар аударғым келеді. Бірақ интернет ең алдымен балалардың дамуына, білім алуы мен шығармашылығына және әлеуметтік бейімделуіне мүмкіндік береді. Мұны біле отырып, оның қаупі де бар екенін түсінуіміз керек. Зерттеу бойынша, балалардың 21%-ы кибербулингтің түрлі формасына тап болған және ол балалардың жартысы ғана үлкендерге бұл туралы айтқан. Сондықтан ата-аналар бала интернетте қандай қауіппен кездесуі мүмкін екенін толық түсіне бермеуі мүмкін. Ол отбасында ересек адам мен бала арасында сенім қалыптаспағанын көрсетуі мүмкін, – дейді ЮНИСЕФ-тің балалық шақты қорғау бағдарламаларының жетекшісі Айсұлу Бекмұса.

Бұл санаға салмақ ғана түсірмей, саулыққа кері әсер етіп, қоғаммен байланысып, қарым-қатынас құруына кедергі келтіреді. Буллингтің білім беру ұйымдарында да орын алатынын ескерсек, оқушыларға психологиялық көмек көрсетілгені ләзім. Әсіресе бейнебақылау орнатылып, дабыл түймелерінің тұрақты түрде іске қосылғаны маңызды. Өйткені топтық төбелес пен кикілжіңнің кесірінен ушыққан жағдай аз емес.

Мамандар жәбірлеудің негізгі түрлеріне тоқталады. Оның бірі физикалық тұрғыда баланың денсаулығына зиян тигізіп, ақыры ажалмен аяқталатындай жарақаттау жатады. Ұрып-соғудан ми шайқауға дейінгі азаптау мен түрлі соққылар түрткі. Мұның эмоционалды жәбірлеуге де қатысы бар. Сондай-ақ ата-ананың бала қажеттілігіне мән бермеуінің де салдары жоқ деп айта алмаймыз. Баланың өсіп-жетілуіне, эмоционалдық және интеллектуалдық қабілетін шыңдауға көмектесетін қажеттіліктерін қамтамасыз етуге ата-ананың құлықсыздығы немесе қабілетсіздігінен туындайды. Бұл отбасының материалдық жағдайына қатысты. Десек те кей ата-ана баланың өзіне тәуелді болғанын қалап, соған сәйкес өзінің ата-аналық құқығын асыра пайдаланады. ЮНИСЕФ ДДСҰ басшылығы, ұйымның өзі және өзге де серіктестері бірігіп зорлық-зомбылық түрінен сақтанудың тәсілін қарастырған еді. Оның алғашқысы халықтың санасын өзгертіп, тәрбие беру мен қарым-қатынас кезінде күш қолдануға, жәбір көрсетуге болмайтынын ескерту болды. Сонымен қатар мектептегі ортаның қауіпсіздігі мен қолайлы болуы қарастырылып, балаларды жәбірлеуге заңмен тыйым салу керек сынды бірнеше ұсыныс айтылған.

Облыста балалардың құқықтары мен мүдделері бұзылуының алдын алу бағытында аудандық, қалалық комиссия отырыстарында кәмелетке толмағандарға қатысты 242 жасөспірімнің жағдайы қаралды. Оның ішінде, көмекке мұқтаж 126 бала ата-аналар өтініштері, құзырлы органдардың ұсынымдары, білім беру ұйымдары, сондай-ақ, қамқоршылық/қорғаншылық органдардың ұсыныстары тыңдалған. Ал 34 балаға облыстық кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы, кешкі мектеп, мектеп жанындағы интернат, «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, девиантты мінез-құлықты балаларға арналған интернатына орналастыру ұсыныстары берілген. 6 бала қиын жағдайда қалу, әлеуметтік қажеттіліктер бойынша көмек сұраумен, 38 бала құқық бұзушылық және 5 бала суицидке, 24 бала ата-аналарды құқықтарынан шектеу және айыру, 134 бала басқа да мәселелермен қаралған. Комиссия құрамына жауапты мамандар тағайындалған.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» ЖОБАСЫНЫҢ ҰТЫМДЫ ТҰСЫ ҚАНДАЙ?

Елімізде 7 млн-ға жуық бала бар. Демек олардың болашағына бейжай қарамау қажет. Осы ретте Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасы іске қосылды. Жоба шеңберінде Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы барлық бала арасында бөлінетін болады. Кәмелетке толғаннан кейін қаражатты білім алуға немесе тұрғын үй сатып алуға пайдалану мүмкіндігі бар. Тіпті жинақтау шотына тиісті төлемдер түскен. Әр балаға 100,52 доллар төленді. Бағдарламаға 6 919 131 бала қатысып жатыр.

Иә, мемлекет бар баланы қанаттың астына алып, көшеде, үйде және мектепте қауіпті жағдайдан қорғауға белсене кіріскен секілді. Мұны Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанованың сөзі қуаттайды.

– Сондықтан балалар объектілерінде бұрын-соңды болмаған Кешенді қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылуда. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының 100%-ы бейнебақылау жүйелерімен қамтылған, жедел қызмет өкілдерімен байланысқа қосылған, лицензияланған күзетпен қамтылған, дабыл түймелерімен жабдықталған. Министрлік үшін білім беру ұйымындағы қауіпсіз орта тек техникалық қауіпсіздік құралдарымен ғана шектеліп қоймай, баланың эмоционалдық әл-ауқатын да қамтиды. Достық, жауаптылық және өзара сыйластық дағдылары мен мектепте оң қарым-қатынастарды қалыптастыру үшін білім беру ұйымдарында «ДосболLike» акциясы өткізілді. Акцияның жалғасы еліміздің 8 өңірінің 50 мектебінде «ДосболLike» буллингке қарсы бағдарламасын пилоттау болмақ. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында ЖП ХҒҰ-мен бірлесіп «Менің бауырым» волонтерлік жобасына старт берді. Жоба арқылы балалар дұрыс қарым-қатынас орнатуға, әртүрлі жағдайларды шешу үшін достық тілін табуға үйренеді, – дейді ол.

Түйін. Бала құқығын қорғауда қаулы қауқарлы болады деп сенеміз. Ал жарлықты жамбасқа басып, заңнан аттағанның жазасы барын ұмытпаған жөн. Осы орайда балаға көрсетілетін қысым мен қылмыс азаяды деген сенімдеміз.

Замира ҚОНЫСЖАН

Басы 1-бетте

КРЕДИТОМАНИЯ КЕСЕЛІ

Жастар несиеге неге құмар?

Қаражат өмірдің әр саласында қажет. Біреуі оқу ақысын төлесе, енді бірі бизнес ашты делік. Бірақ ең сорақысы Kaspi Red-ке тамақтанатындар. Сондай-ақ лудомания, азарт, бәс тігуге басымен кіріп кеткендерді айтпай кету айып. Себебі бұл әлемдік дертке айналды. Проблема жаһандық дәрежеде болғанымен, әлі күнге дейін тиімді шешімін таппағаны қынжылтады.

Жалпы «несие алу қаржылық сауаттылықтың жоқтығынан» деген пікір бар. Расыменде, бұл сөздердің астарында шындық жатыр. Қалаған дүниеңізге ақша жинап, қарызсыз сатып алудың орнына асығыстық танытамыз. Алайда жылдап банк борышкерлерінің қатарынан шыға алмай, несиені жабумен әлек боламыз. Статистика мәліметтері бойынша, 80% қазақстандықтың өтелмеген несиесі бар. Мемлекет халыққа арнап амнистия жүргізсе де, кейіннен несиесі кешірілгендер тағы да қарызға белшесінен батып отырғаны туралы мәлім болды. Бұл мәселені түбегейлі діңгегімен жою үшін AMANAT партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасын қолға алған. Бұл бастама арқылы ауылдық аймақта тұратын тұрғындар, мектеп оқушылары қаржылық сауаттылығын арттыра алады. Алайда бұл бағдарлама жүзеге асамын дегенше қарызға батып жатқандардың жағдайы не болмақ?

– Қазақ жастарында кредитомания бар. Халық несиемен ауырып жатқан сияқты. Олар бір несиені жабады және құмар ойынында оны қайтадан алады. Осылайша олар жапқан несиесінің орнына басқасын алады. Олар мұны ойын көретін секілді. Екіншіден, бізге несиелері бар жастар көп келеді. Олар бұл туралы ата-аналарына айтпауымызды өтінеді. Әйтпесе, анам мен әкем ауырып қалады деп мұңын шағады. Бірақ оларда орташа есеппен төрт онлайн несие бар. Олар әлі жас болғандықтан, біз әлі де ата-аналарды сұраққа мұқият қарауын өтінеміз. Яғни, біз қаржы сарапшылары ретінде жұмыс істемейміз, мәселелерді шешу үшін психология кабинетін аша аламыз, – дейді қаржы сарапшысы Мақпал Шеңгелбаева.

Жас азаматтар үшін несие алу өте жеңіл процесс. Өзіңізге, ата-анаңызға, жақындарыңызға, өтініш айтқан досыңызға өз атыңыздан несие рәсімдей аласыз. Алайда досыма деп қарыз алғандар түбі сан соғып қалып жатады. Несие алу 15 минуттық шаруаға айналғалы келісімшартты оқу, күтілетін нәтиже, жоғары жарна ешкімді қызықтырып та жатпайды. Сіз Қазақстандағы орташа жарна жаға ұстатарлық дәрежеде, яғни 20,50%-ды құрайды. Демек қарызға ақша алғаныңызбен, сол қарызды өтеуіңіз қиындық тудырады.

Қызылордалық жас кәсіпкерлер бизнес бастау үшін несие алу ұтымсыз деген ой білдірді. «Бизнестің дамып кетуі немесе құлдырауы сенім тудырмайтын күдікті дүние. Үлкен бизнес болған жағдайда ғана болмаса, ертеңінен үміт күттірмейтін жоба үшін борышкер атанудың еш қажеті жоқ» дейді олар. Нақты несие аламын деген шешімге келмес бұрын шығындарды, салықтың санын, проценттік жарна туралы толыққанды біліп алу керек. Финанстық мүмкіндіктерді қарастырып, жақсы жоспар құру қажеттігін қаперде ұстаған абзал.

– Бизнес бастау үшін несие алып көрмедім. Бұл шешіміме қуанбасам, еш өкініш білдірмеймін. Студент болсамда кәсібім дөңгелеп тұр. Қарыз алуға ниеттеніп жүрген жастар болса, мен оларға несие алмауға кеңес берер едім. Басында қиналарсыз, бірақ бұл қарызға белшеден батқаннан жақсы. Алдын ала жоспарды дұрыс құрып, өз шешіміңізге сенімді болған кезде іске кірісу керек. 1-2 жыл ақша жинаған соң, бизнес жоспарыңызды жүзеге асырсаңыз ұтымдырақ болады, – дейді жас кәсіпкер, студент Дилшат Ибрагимов.

Бүгінде студенттер, жұмыссыз жастар қит етсе бөліп төлейтін несиеге, Kaspi Red-ке, микронесие мен займдарға машықтанып алған. «Қатарымнан қалмаймын, жұмыс істеймін, төлей аламын» деп су жаңа телефон, киім, басқа да қажетті дүниелерді несиеге алады. Нақтыланбаған жобамен кәсіп бастаймын деп ниеттенгендердің ендігі ай-май төлем уақыты кеп тұрады.

Жастар несие алу немесе алмау туралы шешімді тәуелсіз түрде қабылдайды. Алайда нақты себептерге аса мән бермейді.

Қоғамдық сананы жеңіл-желпі кіріс көзінен тазалауға бірдей атсалысуымыз қажет. Тұрмыстың тұрпаты қажытқанымен, тұспалдан туған түйткілдерге шешім міндетті түрде табылады. Алайда банк қосымшаларын торуылдап, проблемадан проблема шығармауға тырысқанымыз жөн. Біреуден қарыз сұрау әдетке айналып кететін ұсқынсыз қасиет. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрмекке дағдыланған жастардың көбеюі елдігімізге нұқсан келтіретіні хақ. Бәсекелестік дұрыс бағытта және қоршаған ортаға пайдасын тигізу керектігін қаперде ұстайық.

Нұршат НЫШАНОВА

IT САЛАСЫ МАМАНҒА МҰҚТАЖ

Astana Hub – орталық Азиядағы IT стартаптардың ең ірі халықаралық технологиялық паркі. Мұнда қазақстандық және шетелдік технологиялық компаниялардың дамуы үшін жағдай жасалған. Орталықтың миссиясы – дамыту орталығына айналу, мықты IT– компаниялар құру. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында 2018 жылы IT аренаға аяқ басқан орталықтың жұмысы қарқынды жүруде. Бүгінде технопаркке 1 393 IT компания тіркелген. Жалпы қаржыландыру көлемі 245 млрд теңгені құрайды.

Қажеттілік пен сұраныстың артуы есебінен көптеген компаниялар білікті маманға мұқтаж. Мемлекет басшысы Digital Bridge – 2022 халықаралық технологиялық форумы аясында 2025 жылға қарай кем дегенде 100 мың жоғары білікті IT маман даярлау міндетін қойғаны баршаға мәлім. Білікті мамандардың тапшылығы мәселесі аясында Astana Hub технопаркінің тәжірибесін өңірлерде тарату жұмысы қолға алынды. Нәтижесінде ел аймақтарында IT-стартаптарды қолдау және инновациялық жобаларды дамыту үшін 12 өңірлік IT-Хаб ашылды. Өңірлік хабтар өз аймақтарында инновациялық жобаларды әзірлеумен, IT саладағы мамандарды оқыту және даярлаумен айналысады.

Ақпараттық технологиялар саласы белсенді дамуда. Бүгінде IT бағыты үздіксіз жаңа жұмыс орындарын ашатын саланың біріне айналды. Осы орайда стартап мәдениетін қалыптастыруда жоғары көрсеткіштерге ие Astana Hub халықаралық технопаркінің жұмысымен таныссақ.

Сондай-ақ олар жергілікті IT қауымдастықтарды дамытып, оған барлық мүдделі тұлғалар қосыла алады. Стартап жобаларды әзірлеудің инкубациялық кезеңінде кәсіпкерлікке оқыту, инвестицияларды тартуға көмек көрсету, қаржылық есеп және PR қолдау көрсетіледі.

Өткен жылы ақпараттық технологиялар саласы бойынша аймақтарда 784 іс-шара ұйымдастырылып, 24 702 адам қатысты, сондай-ақ 194 стартап-идея ұсынылып, 7 ауқымды халықаралық деңгейде форум өтті. Нәтижесінде былтыр өңірлерден 70-тен астам компания Astana Hub-қа қатысушы ретінде тіркеліп, қазіргі таңда еліміздің IT секторының дамуына белсенді үлес қосуда.

Мамандар даярлауда қосымша білім беру, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету маңызды. Мәселен, IT саласында адами капиталды дамытуға бағытталған Tech Orda бағдарламасы, No Code, Startup Garage, Beta Career, Hero Training, Tech Girls, Alem School сынды оқыту бағдарламаларының аясында 20 мыңнан астам адам дағдыларын дамытқан.

Соңғы жаңалықтарға кезек берсек, Катардың астанасы Дохада өткен Web Summit конференциясына отандық 8 стартап қатысқан. Солардың бірі – blockchain технологиясын пайдаланып, құжатқа онлайн қол қоюға, цифрлық форматта құжаттарды жасау және қол қою процесін оңтайландыруға арналған Trustme стартап жобасы.

Үздіктер қатарында нәзік жандар да бар. Бүгінгі таңда технопаркте тіркелген компаниялардың 250-ге жуығын әйелдер басқарады, соның ішінде 25 пайызы өз қызметтерін шетелге шығарып үлгерген.

IT-дің астанасы саналатын, әлемнің түкпір-түкпірінен келген дарындардың отаны, ең әйгілі технопарк Кремний алқабы секілді ақпараттық технологиялар әлемінің отаны болу Қазақстан үшін арманда қалмасына сенеміз.

WEB SUMMIT QATAR 2024

Катар елінің Доха қаласында инновациялар мен технологиялар әлеміндегі ауқымды іс-шаралардың бірі өтті. Web Summit Startup Program аясында қазақстандық сегіз стартап дүниежүзілік аренада таныстырылды.

Web Summit – инвестициялар мен жаңа серіктестіктерді іздеудің тиімді алаңы. Стартаптар өз жетістіктерін ұсынып қана қоймай, қарқынды дамуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ технология индустриясының әлемдік көшбасшыларымен тәжірибе алмасады.

Конференция барысында отандық жоба авторлары питчинг, менторлық сессия және нетворкинг іс-шараларына қатысты. Олар әлеуетті инвесторлармен танысып, серіктестер табу мүмкіндігіне ие болды.

Биыл конференцияға 15 мыңнан астам бизнес өкілі, инвесторлар мен көшбасшылар жиналды. Ең алғашқы Web Summit 2009 жылы Дублинде өткен болатын.

Заманауи технология әлемінде шынайы және виртуалды ғалам арасындағы шекара уақыт өткен сайын бұлыңғыр болып барады. Осы саладағы қызықты және инновациялық әзірлемелердің бірі – Apple компаниясы ұсынған Vision Pro. Бұл құрылғы шындық пен қиял арасындағы дәстүрлі шекараны бұзып, пайдаланушыны иммерсивті виртуалды әлемге апарады деседі. Тіпті шынайылықтың жаңа дәуірін енгізуге уәде береді.

ШЕКАРАСЫЗ ШЕКСІЗДІК



ЖАҢА ӘЛЕМДІ КОДТАУ

Apple Worldwide Developers Conference – дәстүрлі түрде Калифорнияда өтетін дүниежүзілік конференция. Алғашқы WWDC 1983 жылы Монтеррейде ұйымдастырылды. Жаңа өнімдердің таныстырылым алаңына айналған іс-шараның тақырыбы мен бағыты өзгеріп отырады. Мәселен, өткен жылдың маусым айында ұйымдастырылған жиынның басты девизі – «Жаңа әлемді кодтау». Тақырып аясында MacBook Air 15, Mac Studio, Mac Pro және жаңа операциялық жүйелері, сонымен қатар революциялық құрылғы санатына енген Vision Pro таныстырылды.

Өндірушелірдің айтуынша, Vision Pro – бұл заманауи теледидар, компьютер және VR көзілдіріктің жиынтығы. Vision Pro көзілдірігінің негізгі мүмкіндігі – пайдаланушыны виртуалды әлеммен байланыстыру. Осылайша қолданушы шынайы және виртуалды әлем үйлескен ғаламды тамашалай алады. Қарапайым функциясының бірі – фото, видео түсіру болса, экранда IMAX өлшеміне дейінгі кинотеатр режимі бар. Vision Pro арқылы Magic Keyboard, Magic Trackpad және microLED дисплейлерімен жабдықталған, тіпті 23 миллион пиксельдегі мөлдір суретті бейнелейді.

ИННОВАЦИЯ МЕН СӘН

IT саланың қарқынды дамуы сән әлеміне де әсер етті. 1946 жылы дизайнер Кристиан Диор мен кәсіпкер Марсель Буссак құрған Dior сән үйін білмейтін адам жоқтың қасы. Міне, дәл осы французбдық сән үйі сатып алушыларына жаңа көзілдірік ұсынды.

Американдық Ray-Ban компаниясымен коллаборация нәтижесінде Meta WayFarer өнімі дайындалды. «Әр сәттен ләззат ал» девизімен ұсынылған күннен қорғайтын көзілдірікте инновация мен стиль біріккен. Мәселен, айналаны фото немесе видеоға түсіруге арналған камера, жарық диоды, көзілдірікті басқаруға арналған сенсорлық аймақ және дыбыс деңгейін реттейтін батырма бар.

ТРЕНДҚҰМАРЛЫҚ НЕМЕСЕ ҚАЖЕТТІЛІК?

2007 жылға оралсақ. Дәл сол жылы Apple компаниясы Iphone ұялы телефонының алғашқы моделін шығарды. Қарапайым байланысқа арналған құрылғының бағасы да, өзі де қолжетімсіз дүниеге айналды. Жыл сайын жаңа моделі жарық көретін компанияның тауарларына көңілі толмайтындар бар. Бірі көлемін, бірі бағасын айтады. Бүгінде жаңа моделі 600 мың теңгеге бағаланса да, екінің бірінде – Iphone. Иә, мұны заман талабымен байланыстыруға келеді.

«Сапалы телефон – сапалы контент» деседі қоғам. Алайда қажеттіліктен аттап, құмарлыққа берілген жастар трендтен қалмас үшін алып жатқаны рас. Жинаған қаражаты болса мейлі, несиеге алғаны, әлі алатыны қаншама. Жоғарыда аталған кемі 1,5 млн теңгені құрайтын көзілдірік мәселесі де қажеттілік емес, құмарлыққа айналмасын білмейміз.

ҚАЛҚАНША БЕЗІН ЕМДЕУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС

Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында уытты емес бір түйінді зоб анықталған екі бірдей науқасқа жаңа инновациялық әдіс арқылы аз инвазивті ота жасалды.

Қалқанша безінің қатерсіз түйіндерін емдеудің бірегей, аз инвазивті әдісі – радиожиілікті аблацияны енгізу. Мамандардың айтуынша, радиожиілікті аблация – ісік тініне әсер етудің заманауи әдістерінің бірі. Оның мақсаты – ісікті толығымен жою, нәтижесінде қалқанша без түйіндерінің патологиялық жасушалары жойылады, бездің сау тіндері зақымдалмайды. Бұл әдіс хирургиялық алып тастаудың тамаша баламасы.

Ота жасалған науқастардың бірі 47 жастағы түркістандық, екіншісі Жамбыл облысының 43 жастағы тұрғыны. Түйіндік түзілімдерді емдеудің айрықша әдісі сәтті өтті. Алдағы уақытта институт қабырғасында мұндай оталарды жасау қолға алынатыны айтылды.

Әр-Риядта инновациялық хабтың ашылуы әлемдік нарықта өңірлік IT шешімдерді халықаралық деңгейде ілгерілетуді қолдауға сеп болады.

ӘР-РИЯДТА AL-FARABI INNOVATION HUB АШЫЛДЫ

Жаңа инновациялық хабтың басты тұжырымдамасы – Орталық Қазақстаннан Сауд Арабиясына дарынды кәсіпкерлер мен инновациялық стартаптарды тарту. Сонымен қатар, «Tumar» венчурлік қорынан бастапқы инвестиция алу, инкубация, акселерация бағдарламаларын және құнды салалық білім мүмкіндіктерін ұсыну.

5 жыл ішінде мақсатты KPI – кем дегенде 3 жаңа стартапты дамыту, кемінде 300$ миллион тарту және осы стартаптар ұсынатын 1$ миллиардтан астам қызметті экспорттау.

Айта кетейік, өткен жылы Калифорнияның Пало Альто қаласында Орталық Азия елдерінің өкілдері үшін Silkroad Innovation Lab ашылды. Хаб Орталық Еуразиядан келген стартаптар мен кәсіпкерлерді американдық нарықта өз кәсіпорындарын құру немесе кеңейту жолдарын іздеуде қолдайды. Сондай-ақ Google, DraperUniversity, StartX, Microsoft және Дүниежүзілік банк сияқты жаһандық серіктестер тартылып, азаматтар үшін ең жақсы озық шешімдерге қол жеткізуді қамтамасыз етті.

Сыр өңірі – көне ескерткіштерге бай өлке. Солардың ішінде өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін, көпқабатты құрылыстары бар, археологтар тарапынан көп зерттелген Жетіасар ескерткіштерінің орны бөлек. Жетіасар ескерткіштері Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының аймағы мен Батыс Еуропа – Батыс Қытай аспап – «қоссаз» домбырасының бөлшектері екені анықталды. Осы күнге дейін «белгісіз ағаш бұйымдары» ретінде сақталып келген археологиялық артефактілер Әзілхан Тәжекеев тарапынан ғылыми зерттеліп, құрастырылып, әу бастағы тұрпаты анықталып, музыкалық аспап ретінде жаңадан тыныс алды.

ҚОССАЗ ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

халықаралық көлік дәлізінің жолында шоғырлана орналасқан. Осыған орай, Сыр бойында Жетіасар мәдениетіне жататын қалашықтар жиынтығы қалыптасқан. Жетіасар – әлемдік тарихта ойып орын алған бірегей мәдениет.

Жетіасар қалаларын археологиялық тұрғыда кешенді зерттеу жұмыстары 1946-1991 жылдар аралығында Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясы тарапынан жүргізілді. «Жетіасар мәдениеті» деген атаумен белгілі қаңлы, ғұн дәуіріне жататын ескерткіштер жиынтығы Сырдарияның төменгі ағысы бойында орналасқан ескерткіштер ретінде ғылыми айналымға енді.

1971-1991 жылдары Хорезм экспедициясы Л.М.Левинаның жетекшілігімен Жетіасар ескерткіштеріне зерттеулер жүргізіп, Алтын асар, Томпақ асар және Бидайық асар қалалары және обаларына кешенді қазба жұмыстарын ұйымдастырды.

1973 жылы Л.М.Левинаның жүргізген археологиялық экспедициясы нәтижесінде Жетіасар мәдениетіне жататын Бидайық асар қалашығының төртінші бекіністі дәліз бен оның баспалдағынан, II құрылыс кезеңінің 9 мәдени қабатынан сыртында ойылып салынған суреттері бар белгісіз ағаш бұйымдары табылған.

Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану әдістемелік ғылыми кеңесінің шешімімен 2018 жылы «Хорезм экспедициясының Сыр өңіріндегі зерттеулер тарихы» атты кітап-альбом дайындау мақсатында арнайы жоба қолға алынды. Сыр өңірінен табылған жәдігерлерді жинақтау үшін РФ ғылыми мекемелеріне іссапарлар ұйымдастырылды. Phd доктор, археолог ғалым Әзілхан Тәжекеев РФ Шығыс музейінде сақтаулы Жетіасар ескерткіштерінен табылған ағаш бұйымдарға зерттеулер жүргізді. Нәтижесінде, Бидайық асар қалашығынан табылған ағаш бұйымдардың музыкалық

«Қос мойынды» немесе «қоссаз» домбыра біздің заманымыздағы IV ғасырмен мерзімделеді. Бұл – әлемдегі ең көне музыкалық аспаптардың бірі. «Қоссаз» домбыра төрт құлақты, төрт пернелі, қос мойынды келген. Ә.Тәжекеев музыкалық аспапты құрастыру барысында аспаптың шертер мен домбыраның қосындысы болуы мүмкін деген тұжырым жасап отыр.

Шертер – қазақтың көне музыкалық аспабы. Шертіп ойнау тәсіліне байланысты шертер деп аталған. Ол екі немесе үш ішекті болып келеді. Ертедегі шертерлер ағаштан ойылып, шанағы көнмен (терімен) қапталып жасалған. Дыбыс күші қапталған терінің жұқалығына, ішегінің жуан-жіңішкелігіне байланысты өзгеріп отырады. Жалпы тұрқы – 650-750 мм. Ойнау тәсілі домбыраға жақын болғанымен, жасалу жағынан қылқобызға ұқсайды.

Қазіргі таңда түпнұсқасы Ресейдің Шығыс музейінің қорында сақтаулы тұрған «қоссаз» домбыраның көшірмесі бүгінде Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Қасиетті Қазақстан және археология» залында орналасқан. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаевтың қолдауымен Сыр елінің ұста-шебері, ҚР Қолөнершілер одағының мүшесі Бекзат Жақыпов «қоссаз» домбыраның көшірмесін жасады.

«Қоссаз» домбыраның жалпы ұзындығы – 65,5 см. Шанағы тегіс табанды, ұзындығы – 25,5 см, биіктігі – 3 см, қалыңдығы – 0,5 – 0,6 см. Шанақ қақпағы сақталмаған. Шанағының сыртында тазының, белгісіз аңның, қасқыр, ақбөкеннің, қара құйрықтың ойылып салынған суреттері бар. Ішегі байланатын түймесінде тесігі сақталған, түйменің көлемі – 1,5х1,3 см.

Мойны басымен қоса есептегенде ұзындығы 40 см, шанағына қосылар тұсының ені – 4 см, басы жағында – 3 см тең. Биіктігі – 3 см. Мойнының да беткі қақпағы сақталмаған, іші қуыс болып келген.

Басы жартылай дөңес, ұзындығы – 6 см, ені – 3 см. Ішегі мен құлағы байланып бекітілетін екі тесігі бар. Екінші мойны сақталмаған, бірақ өлшемдері бірдей екінші басы бар.

Құлағы екі мойынын қосып, ішектерді тартып тұратындықтан құрылымы күрделі болып келеді. Ұзындығы – 13 см, екі басы болған, бірақ біреуі ғана сақталған. Басында бір тесігі және құлақтың дәл ортасында бір тесігі бар. Құлағының домбыра басына бекітілген тұсы 1 см-ге дейін ойылып жонылған, ал ортасының ұзындығы – 7 см, ені – 1,8 см. Орта тұсы бір жағы бір, ал екінші жағы екі қырлы болып келген.

«Қоссаз» домбыраның сыртқы тұрпаты шертерге ұқсайтындығын көруге болады. Ішектерінің қыл, мойнының қысқа болуы қобызға көбірек жақындатса, ойнау әдісі мен мойнының түзу болуы домбыраға жуықтайды. Бұған қарап, шертер домбыраның да, қобыздың да арғы тегі емес пе екен деген ой туады. Шертерге бет қақпақ салу, перне тағу кейінгі жылдардың жемісі.

Шертерде домбыра мен қобыздың элементтері астасып жатса, «қоссаз» домбырада шертер мен домбыраға тән белгілер кездеседі.

Домбыраның тарихы әріде жатса да, XIX ғасырдан бастап қазақ аспаптарының патшасы танылды, яғни пайдалануда кең етек алды. Көп тараған аспап болғандықтан, пішінінде көптеген аймақтық ерекшеліктер бар. Мысалы Батыс Қазақстан домбырасының мойны ұзын, диапазоны 2 октава, ал Шығыс Қазақстан домбырасының мойны қысқа, диапазоны 1,5 октава.

Музей қорында сақтаулы «қоссаз» домбыраның ықшамдылығы, мойнының қысқалығы шертерге келеді десек, беткі қақпағының болуы және оның ағаштан жабылуы домбыраға келетіндігін аңғартады.

Ғалым мен шебердің бірлесіп жұмыс істеуінің нәтижесінде құнды жәдігер – «Қоссаз» домбыраның екінші ғұмыры басталды. Ғалым Ә.Тәжекеев ғылыми тұрғыда зерттеліп, нақтыланған деректер мен аспаптың өлшемдерін көрсетіп шеберге ұсынса, шебер Б.Жақыпов ғалым көрсеткен деректерді негізге ала отырып, қарағай ағашынан ою, жону, тегістеу, жапсыру, бекіту әдістері арқылы реконструкциясын жасады.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімі қызметкерлерінің ғылыми зерттеулері нәтижесінде музей қоры қазақ тарихында болған, тұрмыс-тіршілігінде пайдаланылған, қазіргі таңда ұмыт қалған, сәйкесінше халық қолында сақталмаған көне жәдігерлермен қайта жаңғыруда. Мысалы жастықағаш, аша домбыра, ортеке, неке кесесі, шашқап, Сыр өңіріндегі әулие-әмбиелердің, ахун-ишандардың, батырлар тұтынған мөр көшірмелері т.б. жәдігерлер реконструкцияланып, қайта жасалды. Аталмыш жәдігерлердің қатарында «қоссаз» домбыра да археологиялық мұра ретінде Ә.Тәжекеев мәліметтерінің негізінде қайта жасалып, өткен тарихтың көзі ретінде Сыр халқы назарына ұсынылып отыр. Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі археолог-ғалымдар жұмысының жандануына, тарихи жәдігерлердің қайта жаңғыруына көмек көрсетіп келеді.

Баба домбыра туралы Израиль және Англияның газет-журналдарында зерттеулер жарияланды. Шетел ғалымдарының Сыр өңірінен табылған музыкалық аспапқа қызығушылығы зор. Норвегиялық доктор, музыкалық аспаптарды зерттеуші-археолог Гьермунн Колльтвейт Ә.Тәжекеевпен өзара ғылыми байланыстар орнатып, ғалымның қазақ тіліндегі мақаласын ағылшын тіліне аударып, өз зерттеулерінде пайдалануға рұқсат алды. Норвегиялық археологтың зерттеулері бойынша қоссаз домбыра Еуропада кең тараған музыкалық аспап – лираға ұқсайтындығы анықталды. Нәтижесінде, Гьермунн Колльтвейттің «Scientific journal»-да: «Жібек жолы бойындағы технологиялардың трансфері: бұл ежелгі лира жаһандық болды» атты мақаласын жариялады.

«Сыр елі – жыр елі» десек, Сыр өңірінде қалыптасқан сүлейлер мектебінің әріде жатқандығын «қоссаз» домбыра дәлелдеп отыр. РФ Шығыс музейінде сақтаулы 700-ге жуық ағаш бұйымның фрагменттері әлі де зерттеліп, бәлкім б.з. IV ғасырынан мәлімет беретін басқа да музыкалық аспаптар шығуы мүмкін. Ғылыми зерттеулер музыкалық аспаптар коллекциясын ұсынатынына сенімміз мол.

Ұлпан ШАҒАН,
Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі

Көне ұнның күмбірі

Қай дәуірде де қазақтың күйініші мен сүйініші, махаббаты мен тағдыр-таланы, тіпті қоңыр тіршілігі де ән-күйінде, жыры мен термесінде көрініс тауып келеді. Толғаныстарға толы төл өнерімізді ғасырдан ғасырға жеткізіп отырған ұлттық аспаптарымыздың түр-түрі бар. Бүгінде олардың арасында өз дәрежесінде ұлықталып жүргені жалғыз домбыра екені ақиқат. Алда-жалда ұлттық музыкалық аспаптар тізімін ата десе дәл осы домбырадан бастап, қобыз бен жетіген, әрі кетсе сыбызғы мен сырнайдан аса алмасымыз анық. Ендеше сіз естімеген қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының бірнеше түріне тоқталып, қысқа да нұсқа мәлімет бере кетейік.

Адуынды адырна

Қазақтың ең көне көп ішекті музыкалық аспабының бір түрі – адырна. Оны кей деректерде ежелгі түріктер мен қыпшақтар қолданғаны жайлы айтылады. Римдіктердің орфей, лира аспаптарының көне түрі кифараға қатты ұқсайтын адырна алғашында садақ түрінде жасалған. 7 ішекті кейде 13 ішекті болып келетін музыкалық аспап аша тәріздес ағаштан жасалып, табан бөлігі қалың былғарымен қапталады. Атақты шеберлер Д.Шоқпарұлы мен А.Құмаровтың қолынан шыққан адырнаның бірнеше түрі Ықылас атындағы музейде сақтаулы.

Абыз асатаяқ

Қазақ халқының ежелгі музыкалық аспаптарының бірі болған асатаяқты абыздар мен бақсылар ұстағаны жайлы деректер бар. Ұзындығы 110-130 см болатын аспапты сілку арқылы үн шығарады. Аспаптың басы күрек типтес келіп, оған шулы дыбыс шығаратын түрлі сылдырмақтар тағылады. Айта кетерлігі, асатаяқты қылқобыз бен даңғыра үніне қосып қолданады.

Желбуаздың жұмбағы

Қауашақ тәрізді қуыс етіп, тұрқы тұтастай көн теріден жасалатын аспап түрі – желбуаз. Екі кейде үш сыбызғы типтес түтікшелер орнатылып жасалатын үрлемелі аспаптың ашылып-жабылатын бөлек тығыншасы болады. Желбуаз жасалатын тері арнайы өңдеуден өтіп, кептіріледі. Аспаптың күңірене, күрсіне боздаған үні адамның тұла бойын түршіктіріп, түрлі сезім тудырады. Түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлының мәліметінше, аталмыш аспапты белорустар мен французбдар әлі күнге дейін оркестрде пайдаланады.

Сақпан сыры

Қазақтың сілкімелі музыкалық аспаптарының бірі сақпан деп аталады. Өзіне ғана тән үні бар аспаптың ені 2-3 см болса, ұзындығы 10-15 см болып келеді. Ертеде үй тұрмысы мен мал шаруашылығында қолданылған аспап жұқа ағаштарды сымның немесе жіптің бойына тізу арқылы жасалады. Қойшылар дәл осы аспап көмегімен қой қайырса, шаруалар құстарды үркітуге пайдаланған. Шаруашылықтан бөлек әуенді сүйемелдеуге қолданылған сақпан бертін келе музыкалық аспап дәрежесіне көтерілді.

Үскірік пен ұран

Қазақ халқының ежелден келе жатқан үрлемелі аспаптарының бір түрі – үскірік. Аспаптың үні қаһарлы қыстың боранды желін көз алдыңа әкеледі. Сыртқы сипаты сазсырнайға ұқсайтын бұл аспаптың тастауық, ұран секілді бірнеше түрі кездеседі.

Аталған аспаптардың ішінде үскірік, сазсырнай, тастауық қыштан күйдіріліп жасалса, ұран аспабы ағашты қақ бөліп, өзегі алынып жасалады. Іші қуыс ағашты қайта біріктіріп, сыртқы бөлігі қайыспен қапталады. Тарихи деректерде үш саңылаулы қос түтікшеден тұратын ұран аспабын әскери жорықтарда қолданғаны жайлы айтылады.

Аружан ОРАЛБАЙ

ҚОЛӨНЕР – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Ұлттық мәдениеттің байырғы, құнды саласы – қолөнер. Бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық кодын, патриоттық сезімдерін, дәстүрлі өнерін жоғалтпауы қажет. Өнер адамға жақсы әсер ететін және тәрбиелейтін нәзік дүние. Оның құндылығы орасан зор.

Осы орайда Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ахмет Байтұрсынов атындағы №211 орта мектебінде «Қазақ қолөнер туындылары – ұлттық құндылық пен дәстүр жалғастығы» тақырыбында көркем еңбек пәні мұғалімдерінің қалалық семинары өтті.

Өнерлі балақайлар мен шығармашыл ұстаздардың әуезді әні мен күмбірлеген күйі орындалды. Бастауыш сынып оқушыларының әсерлі хоры көпті тәнті етті.

Шебер ұстаздар мен талантты шәкірттердің әзірлеген қолөнер көрмесі қойылды. Лайфхакқа толы «Шеберлік сағаттар» ерекше әсер қалдырды.

Мектепте ұйымдастырылған «Іскер ана» жобасы бойынша қыз балалардың аналарымен бірлескен жұмыстары семинарға келген қонақтарға ұсынылды.

Бұл мектепте республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы, көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Дәрігүл Таңатарова мен Ұлдана Жүсіпова жетекшілік ететін жоба 2022-2023 жылдан бастап қарқынды жұмыс істеп келеді. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар өз нәтижесін беруде.

Оған қоса шара барысында талантты қылқалам шебері Азиз Әуезханұлы өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін туындыларының қалай жарыққа шыққанын айтты. Ол тәжірибесімен бөлісу арқылы әріптестерінің бейнелеу өнеріне деген ерекше құрметін арттыра білді.

А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ

ЖАНКЕНТТІҢ ЖАСЫ АНЫҚТАЛДЫ

Басы 1-бетте

– Бұл сапардың маңызы, жинақтаған тәжірибеңіз туралы айтып берсеңіз...

– Осы кезде Сырдың төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалар, соның ішінде Жанкент қалашығының инфрақұрылымы, қаланың жоспарлануы, ғимараттардың орналасу реттілігі, дамуын зерделеп, сол уақыттағы өзге шаһарлармен салыстырудамын. PhD докторантурадағы бұл зерттеу жұмысымды Тюбинген университетінде жалғастырдым. Шешімін таппаған сұрақтардың жауабын іздеу барысында еуропалық ғалымдардың зерттеулеріне назар аударып, өзіміздікімен салыстырдым. Ғылым үшін әрбір жаңалық құнды. Сондықтан алдағы жұмыстарымызға серпін беретін мол материал жинақтадым. Берлиндегі музей аралы, Штутгард қаласындағы және Тюбинген университетінің археологиялық, палеонтологиялық музейлеріндегі жәдігер мен құнды деректер тағылымдаманың табысты өтуіне ықпал етті.

– Оқу процесі қай тілде жүргізілді?

– Оқу процесі өз таңдауыңызға қарай неміс немесе ағылшын тілінде жүргізіледі. Мен ағылшын тіліндегі деректермен танысып, ғалымдармен осы тілде байланыс орнаттым.

– Университет ғалымдары ұзақ уақыттан бері Жанкент қалашығында, Жетіасар ескерткіштерінде зерттеу жүргізуде. Тың жаңалық бар ма?

– Оқу орны зерттеу жұмыстарын көптен бері жүргізіп келеді. Кейінірек шетелдік ғылыми орталықтармен байланыс орнату, ғалымдарды тарту арқылы экспедиция халықаралық деңгейге жетті. Оның құрамында Қазақстаннан бөлек, Германия, Ұлыбритания, Ресей, Өзбекстан мемлекеттерінің зерттеушілері бар. Әрине, көпшілікке айтар жақсы жаңалықтарымыз жетерлік. Кеңес үкіметінің тұсында Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы біздің территорияда 80 жылға жуық жұмыс істеген. Көптеген ескерткіштерді анықтап, тек археологиялық әдістермен зерттеген. Бүгінде кешенді түрде жаңа технологиялармен, айталық радиокөміртектік талдау жүргізудеміз. Жанкент қалашығында 200-ге жуық радиокөміртектік талдау жасап, нәтижесінде төменгі қабаттарынан VII ғасырдың, жоғарғы қабаттарынан X ғасырдың белгілерін көріп отырмыз. Көне шаһар әлі де зерттелуде. Соның арқасында Жанкент қалашығының VII – X ғасырда өмір сүргені анықталды.

Жетіасар және Жанкент ескерткіштерінде қазба және қайта қалпына келтіру жұмыстары қолға алынған. Қазір Жанкент қалашығында тұрғындардың бет әлпеті қалпына келтіріліп, сол замандағы үш үйдің орны, суфалар, ошақтар мен ыдыстардың көшірмелері қойылды. Бұл – Жанкентті аспан астындағы ашық музейге айналдыру мақсатындағы жұмыстар.

Жетіасар бойынша айтар болсақ, Алтынасар қалашығының үлкен-кіші үйін, керуен сарайының қабырғалары қайта қалпына келтірілді. Бұл ескерткіштерді сақтау мақсатындағы негізгі шаралардың бірі десек болады.

– Жуырда Мәжілісте депутаты Еркін Әбіл жыл санап тарихи-мәдени мұралар жойылып бара жатқанын атап өтті. Археология саласының маманы ретінде бұл пікірмен келісесіз бе?

– Депутаттың айтқан сөзі орынды. Егемендік алғалы ғылымымыз жаңару процесінен өтіп, қайта басталды десек болады. Жыл өте келе ғылымда жіберген қателіктерді байқап, оның орнын толтырып, жүйелендіруге тырысудамыз. Археология саласында ескерткіштерді қорғау, экспертиза жүргізуге байланысты жаңартылған заңдар жарық көрді. Қоғамда осындай мәселелерді жиі қозғауымыз керек. Бүгінде елімізде көптеген ескерткіш жойылу үстінде. Оған табиғи факторлармен қатар антропогендік факторлар да әсер етуде. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қолдану мен сақтау шараларын заңмен жүйелендіру арқылы мұндай жағдайдың алдын алуға болады.

– Қазір бұл салада қандай өзекті мәселелер бар? Археолог болуға қызығатын жастар көп пе?

– Тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалану мен сақтау туралы заңның өзгеруі саланың дамуына оң ықпал етуде. 2019 жылы ескерткіштерді қорғау мен пайдалану туралы заң жаңартылды. Сонымен қатар 2020 жылы ескерткіштерге ғылыми экспертиза жүргізудің әдістері жаңартылып, бекітілді. Бұл ғылымды дамыту бағытындағы ізденістердің нәтижесі деуге болады. Ел ғалымдары бас қосқан конференция, жиындар барысында өз ұсыныстарымызды жеткіземіз. Саланы дамытуға қатысты ойымыз көбіне қолдау тауып жатады.

Археологияға қызығатын жастар жеткілікті деп ойлаймын. Елімізде ондаған ғылыми мекеме археологтарды дайындайды. Өзім де Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2012 жылғы түлегімін. Магистратурада білім алып, докторантураны Еуропада жалғастырудамын.

Әлемдік практика бойынша, қазір археология саласына тек кәсіби археолог мамандар емес, сонымен қатар биология, остелогия, антропология т.б. сала мамандары қажет екені белгілі. Қазір ұшқышсыз басқарылатын аппаратты археологияда пайдалану IT мамандардың да қажеттілігін көрсетуде.

– Уақыт бөлгеніңізге рахмет!

Өңірлік жоғары оқу орнын таңдаған студенттердің кейде «Алматы мен Астанадағы университетте оқығанымда ғой» деп армандайтыны бар. Бүгінде ол түк те қиын емес. Сабақты жақсы оқысаң, Академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы бір семестр басқа білім ордасында оқып келе аласың.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ туралы не білеміз?

Бірақ көбіне студенттер бұл бағдарлама туралы кеш біліп, өзге ЖОО-да оқу бұйырмай қалатыны рас. Оған да дайындық керек. Сондықтан бағдарлама туралы айтуды жөн көрдік.

Академиялық ұтқырлық студенттерді немесе оқытушыны басқа оқу орнына, ғылыми мекемеге ауыстыру мақсатында жүзеге асады. Бұл бағдарламаға тек білім алушылар ғана емес, оқытушылар да қатысып, өзге оқу орнында дәріс өткізеді.

Академиялық ұтқырлық ішкі және сыртқы деп екіге бөлінеді.

Сыртқы академиялық ұтқырлық – студент, магистрант, PhD докторант, оқытушылардың шетелдік білім беру немесе ғылыми мекемелерде білім беру бағдарламаларын меңгеруі және жүзеге асыруы. Білім алушылар мен оқытушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығы Қазақстан Республикасынан тыс оқу немесе қызметтік тапсырманы орындау үшін академиялық бір кезеңге шығу түрінде жүзеге асырылады.

Ішкі академиялық ұтқырлық – қазақстандық университеттер мен ғылыми орталықтарда студент, магистрант, PhD докторант, оқытушылардың білім беру бағдарламаларын игеруі.

Бағдарламаға бакалавриаттың 2-3 курс студенттері, күндізгі бөлімнің 1 курс магистранттары қатыса алады. Қатысу үшін үміткерлер жақсы академиялық көрсеткіштерге ие болып, шет тілін жоғары деңгейде меңгеруі тиіс. Сыртқы академиялық ұтқырлық арқылы шетелде оқығысы келетіндер конкурстық іріктеуге қатысу үшін университеттегі халықаралық бөлімге өтініш беруі қажет.

Осы орайда бағдарлама арқылы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде білім алған Аружан Нұржанқызымен пікірлестік.

– Жетісу университетінде тәжірибе алмасу мақсатында бір семестр білім алдым. Қазіргі таңда қазақстандық университеттер жан-жақты даму үстінде. Барлық жоғары оқу орнының оқу ережесі ұқсас болуы мүмкін. Алайда әр университеттің ерекшелеп тұратын қыры бар. Сондықтан білім ордасы беріп отырған мүмкіндікті пайдаланып, Академиялық ұтқырлықпен баруды жөн көрдім. Маған мұндағы ұстаздар да, студенттер де ұнады. Бұл жақтан алған тәжірибемді болашақта ұстаз атанғанда ескеретін боламын. Студенттерге айтарым, бұл бағдарлама бойынша білім алыңыздар. Өйткені педагог ретінде бір емес, екі университеттің әдістемесін игеріп шығуға мүмкіндік аласыздар. Қазіргі уақытта Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Орыс тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының студентімін, – деді ол.

Сыртқы академиялық ұтқырлық арқылы Қытайдың Хубей педагогикалық университетінде төрт ай білім алған Ақерке Ағыбай да әр оқу орнының әдістемесін меңгерген артықтық етпейтінін атап өтті.

– Тіл үйренуге келгендіктен Хубей университетінде бізге арнайы оқу жүйесін дайындаған. Сабақ процесінен бөлек қытай өнері, ұлттық спорт түрі тай чи, билері мен әндеріне арналған арнайы сабақтар да бар. Қытайда жеке емес, топтық, жұптық тапсырмаларды көп береді. Алдағы уақытта магистартураны «аспан асты елінде» жалғастырғым келеді, – деді студент.

Бүгінде білім алудың жолы көп. Ендеше 1 курстан бастап белсенділік танытып, үздік атанып, Академиялық ұтқырлықпен оқуды мақсат етсеңіз, ұтылмайтыныңыз анық.



ОҚУ ОРНЫНДА ӨНДІРІСТІК ЦЕХ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеу бойынша өндірістік цех іске қосылды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек цех жұмысына табыс тілеп, отандық ғылымды дамыту үшін осындай өндірістердің санын көбейту қажет екенін атап өтті.

Жобаның мақсаты – инновациялық технологиялар негізінде биоресурстарды коммерциялық игеру арқылы ботаникалық бақтың құнды гендік қорын сақтау, қалдықсыз өнім өндіру.

Өндірістік цех қазіргі заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, онда жемістерді жуу, кесу, кептіру, сұрыптау, орау, сақтау сынды қызмет түрлері орындалады. Өндірістік цехтің 1 тәулікте 5-7 тонна өнім қабылдап, қайта өңдеуге мүмкіндігі бар.

Алдағы уақытта бұл өндірістік цехте қайта өңделген, табиғи кептірілген өнімдерді Түркістан қаласына, ары қарай еліміздің басқа да қалаларына жеткізу жоспарлануда.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі әзірлеген «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасының негізгі новеллалары туралы баяндама жасады.

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫ

Жаңа заң жобасы Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақ-станның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасы құқықтық олқылықтарды жою, ғылыми кадрларды даярлауда жағдай жасау, ғылыми қызметкерді әлеуметтік қорғау кепілдіктерін іске асыру, корпоративтік басқаруды енгізу және т.б. арқылы ғылыми қызметтің стратегиялық, кәсіптік және әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған.

Ғылымды басқару жүйесінің құрылымын жетілдіру, Ғылым қорының функционалын күшейту, Ұлттық Ғылым академиясын қайта құру, ғылыми қызметкерлерді, оның ішінде жас ғалымдарды әлеуметтік қолдау пакетін кеңейту жоспарлануда.

Қазіргі таңда, ғалымдарды ынталандыру үшін бірқатар түзетулер қарастырылған. Соның бірі Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің және «Отбасы банкінің» бірлескен бағдарламасы бойынша тұрғын үй сатып алу немесе тұрғын үй жағдайларын жақсарту. Бүгінгі таңда, аталған бағдарламамен Қазақстан бойынша жас ғалымдар көптен күткен баспаналарын алуда.

Отырыс барысында, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары заң жобасына өзгерістер мен түзетулер енгізу жөнінде бірқатар ұсыныстар берді. Түзетілген құжат екінші оқылымда ұсынылады.

ЖЕЗ КИІГІМ – ШЕР-КҮЙІГІМ

Басы 1-бетте

Жаратушының құдіретінде шек жоқ екенінің тағы бір дәлелі ақбөкеннің жатырында жатқан лақтың жынысын өзгертіп, қажет болса еркек, қажет болса ұрғашы ете алатындай жаратқандығында. Ақбөкен – жатырындағы лақтың жынысын өзгерте алатын жалғыз тіршілік иесі. Егер үйірде текелері азайып кетсе, сол жылы табында бірыңғай еркек лақтар туылады. Керісінше, киіктердің ешкілері азайса, олар ұрғашы лақтарды өмірге әкеледі. Киік төлдейтін кезде табиғаттың өзі қарасады. Мысалы, ақбөкеннің ешкілері төлдейтін уақытта ғана түйетабан деп аталатын өсімдік жапырағын жаяды. Киіктер лағын осы шөптің үстіне туады. Түйетабанның ерекшелігі – оның жапырағы жалпақ болып келеді. Ешкілер жаңа туған лақтарын осы шөптің астына жасыру арқылы қорғайды. Лақтардың барлығы аяқтанып, өз-өздеріне келгенде түйетабан шөптері бірі қалмай сарғайып, желмен ұшып кетеді. Киіктер төлдейтін уақытта оны қорек ететін түз тағыларының тістері босап, тәбеті болмайды, қасқырлардың жағы қарысып қалады деседі.

Киіктің тағы бір айта кетерлік ерекше қасиеті – оның ешкісі кез келген құралайды емізіп, бауырына ала береді. Киік құралайының далада жетім, жалғыз қалмауы осыдан болса керек. Киіктер сағатына 60-70 шақырым жылдамдықпен жүгірсе де, өкпесі қызбайтын санаулы жануарлар қатарында. Жаңа туылған лағы екі сағаттың ішінде аяғына тік тұрса, ал туғанына екі күн болған құралайды адам жаяу қуып жете алмайды. Аталығының салмағы 37-49 келі, дене тұрқы 126-150 см-ді құрайды. Аналығының салмағы 22-37 келі, дене тұрқы 109-127 см көлемінде.

Ақын Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңін білмейтін қазақ кемде-кем шығар.

«Киікті қазақ және дейді бөкен,
Бетпақты бұл бейшара қылған мекен.
Бөкенді атып мерген өлтіргенде,
Жазасыз жан өлді деп ойлай ма екен?», – деген жолдардан жануарға деген аяушылық сезімін байқауға болады.

Жез киік алтындай жалтылдап, күнге шағылысқан көркінің арқасында мергеннің көзін тайдырып, үнемі оқтан аман қалады екен. Кейін мергендер оны киелі жануар санап, атпайтын болған деседі. Кәкімбек Салықовтың «Жезкиік» өлеңіндегі:

«Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Беймезгіл еске түсіп қинайды екен.
Жез киік, сені аңсаған кездерімде,
Бір өзім кең далаға сыймай кетем», – деген жолдарда ақынның жануарға деген сүйіспеншілігі мен сағынышын көре аламыз.

Киікті браконьерлер мүйізі үшін аулайтыны бесенеден белгілі. Ал мүйіз ақбөкеннің тек еркектерінде ғана болады. Киіктің мүйізінен Шығыс медицинасында бағалы дәрі-дәрмек жасалады. Одан жасалатын дәрі-дәрмекке сұраныс та жоғары. Сондықтан болар браконьерлер бұл істі атакәсібіндей көреді. Киік мүйізінің салмағы жасы мен дене салмағына байланысты. Мүйіздің бір келісінің қара базардағы бағасы болжам бойынша 2-3 мың долларды құрайды. Ал басты тұтынушы болып табылатын Қытай нарығында тіптен 7-8 мың долларға дейін барады. Қарапайым мысал 2018 жылы дамыған Сингапурде жүргізілген сауалнама бойынша халықтың 13%-ы киік мүйізінен жасалған дәріні қолданатынын атап көрсеткен.

Жаудай жағаласқан браконьерлермен қатар киікке тиетін індет те аз емес. Енді көбейіп келеді-ау деген жануардың түрі 2015 жылы пастереллез індеті салдарынан тағы да қырылды. Бірнеше апта ішінде 150 мыңнан аса киік, яғни, ақбөкеннің 60 пайыздан астамы қырылған. Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен 2023 жылғы сараптамалық талқылауда экология және табиғи ресурстар министрлігі өкілдерінің мәліметінше Қазақстанда 1 915 000 киік болса, жыл соңына дейін саны 2,6 миллионға жетеді деп ақпарат берген.

Қазіргі қоғамда көп көтеріліп жүрген тағы бір мәселе – киіктердің жайылымдық және егістік жерлерге тигізіп жатқан залалы. Кең даланы мекен еткен, еркіндігін алдырмаған аша тұяқты жануардың саны мен тигізер зиянын ату арқылы реттеу асқан жауыздық пен ақымақтық секілді. Киік санын көбейту үшін жасалған қанша жылдық еңбек пен оны қорғаудағы құрбандықты еш кетіру болып табылады. Көбісінің көксегені жайылым мен егістікті желеу етіп, киік мүйізінен пайда табу сияқты. Себебі, деректер бойынша мемлекет аймағында ешбір жерге нақты зиян келмеген. Есімізде болса бірнеше жыл бұрын малға шапты деп «дала санитары» қасқыр атаулының барлығын қыра бастадық. Соның салдарынан табиғи тепе-теңдік бұзылып, антропогендік сипаттағы апатты қолдан жасадық десек болады. Қазіргі кезде жабайы жануарлар мен үй жануарлары арасындағы індеттің көбеюінің бірден-бір себебі осы. Киікті ататын болсақ, кейінгі залалы, киіктің киесі бүкіл елге тиері анық. Сондықтан киікті халық аз қоныстанатын аймаққа қарай бұру арқылы бұл мәселені шешу қажет.

Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

КӨК ЕСЕК ПЕН КӨП ЕСЕП

Басы 1-бетте

– Інім бар. Ауылда тұрады, – деп бастады әңгімесін Жанәділ. – Екі қолға бір күрек таппай жүр. Бір күні есек асыраймын демесі бар ма? Аң-таңбыз. Содан еті харам, еңбегі адал есегін алды-ау ақыры. Адамдар бұл жануарға жарытып шөп те салмайды, тіпті екі-үш күн су беруді де ұмытып кетеді. Шаңы шығып жатқан жерге арқандап қоямыз. Не жеп, не қоятыны бір Аллаға аян. Мал атаулы жемейтінді жейді. Ал менің інім көк есекке жоңышқаны берді, жемді де аямады. Оған есірген есек мойны жуандап, қазықты бұйым көрмей, суырып кете беретінді шығарды. Бір метерге дейін қағамыз, шынжырмен бағанға мықтап байлаймыз. Бәрібір. «Құнажын көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейдінің» кері келді бір күні. Ұрғашы есекке көзі түссе, қырғынның көкесін көреміз. Жердің опай-топайын шығарып, ақыры жуан темір шынжырды үзеді. Есектің күші мойнында ғой, шынжырды аяғына салайық дедік. Онымыздан да түк шықпады. Шынжырды да шорт үзеді, қазыққа да бағынбайды. Көршілердің мал қорасын маңайлап, егіс біткен жердің бәрін бүлдіріп, өзгелердің әбден мазасын алды. Бір күні баяғы Кеңес кезінен қалған жерге жартылай кірген бақша басында трактордың үлкен темір дөңгелегі бар-тын. Оны техника сүйреп шығармаса, ол адам баласының қолынан келмейтін іс. Құтырған есекті соған байлап тастадық. Ұйықтап жатсам, тасыр-гүсір дауыс шығады. Күшіне мініп алған жануар әлгі темір дөңгелекті сүйреп келеді екен... Әбден мезі етті.

«Атың жаман болса, сатып құтыларсың...» деген бар емес пе? Сонымен оны саудалайық деп шештік. Ауылда есекпен үй-үйге өмір бойы газет таситын бір кісі болатын. Техника, мәшине атаулыға мініп көрмеген. Көлігі - төрт аяқты жануар.

Жұрт оны Почтальон деп атап кеткен. Өзі кішкентай әрі әлжуаз. Білмейтіндерді әйелінің «тұңғышы» деп сендіруге болады. Ілмиіп жүрсе де жолдасына 17 бала таптырған (күледі). Әрине, әуелі Алла нәсіп еткен ғой. Сол кісі біздің «бұзық» есекті сатып алатын болды. «Басқа алса бір сәрі, сіз мына хәліңізбен оны қалай бағындырасыз?» дейміз жанымыз ашып. «Қорықпа, оның әдемі амалы бар» дейді саспастан. Сонымен бес-алты баласымен жабылып жүріп, көк есекті алып кетті. «Ойпырмай-ау, қалай болар екен?» деп, демімізді ішке тартып біз қалдық.

Араға 3-4 күн салып әлгі Почтальон ағамыз желе жортып, баяғы әдетіне салып, біздің бұрынғы бұзық көк есекпен газет таратып жүр. Жануар жуасып қалыпты. Адам танымастай өзгерген. Мойны жіңішкеріп, басы салбырап, Почтальонның айдауына әбден көндіккен. Сырын сұрадым. Үш күн су да, шөп те бермей «тәрбиелепті». Сөйтіп сабасына түсірген.

Осындайда әйгілі Пифагордың өз шәкірттеріне ілім үйретпес бұрын олардан 40 күн ашығуды талап еткені еске түседі.

Есек екеш, есек те тойынып алса, нәпсісі семіреді. Адамға қызмет етуді, тіпті есек екенін есінен шығарады екен. Жануарды да жуасытқан – аштық.

Сол секілді, ашығу, яғни ораза ұстау адам нәпсісін емдеудің таптырмас құралы hәм шипасы. Суға салса батпаған, отқа салса жанбаған қалау (нәпсі) шіркін ашығумен ғана сынады. Рамазан адамды құлдық дәрежеге түсіріп, Алла алдында әлсіз, дәрменсіз пенде екенін сездіретін теңдессіз құлшылық айы. Бүгінде дәрігерлер науқастанған адамға ашығу жайлы (былай айтқанда, ораза ұстау) жайлы кеңес беруде. Шығыстың әйгілі дәрігері мұсылман Ибн Сина көптеген ауруларды, әсіресе, шешек пен мерезге шалдыққандарға аштық арқылы ем жасаған. Бүгінде аштықпен емдеу «Арылту-диеталық терапиясы» (разгрузочно-диетическая терапия) ретінде медицина ғылымының емдеу-сауықтыру орталықтарында қолданысқа енген. Ғылыми негізі де әлдеқашан дәлелденген.

«Аурудың дәрісіз шипасы – ашығу. Осылай істеген адамның сырқаты тез қайтады. Ашығу нәтижесінде венуланың қыл тамырлармен тоғысқан жерінде бос қуыс (вакуум) пайда болады. Ал қылтамырлардың бос қуысы өз кезегінде қан айналымының қозғаушы күшіне айналады. Ендеше, бос қуыс – күш. Ал ашығу – сол бос қуысты жасау арқылы адам денесінің тұтастай қозғаушы күшін тудыру», – дейді медицина ғылымдарының докторы, академик Жасан Зекейұлы.

Бұл – адамның аңғарғаны. Оразаның сауабы мен пайдасын бір мақаланың аясына сыйдыру мүмкін емес. Жаратушы Иеміздің ораза ұстаушының сауабын өзім берем деуі де тегін емес. Оның есебін ешкім білмейді. Адам ақылы көтермейді. Есебін Өзі ғана біледі. Алла уәдесінде тұрады. Құдайдың есебі түгел. Біздікі ше?..

Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының баспасөз хатшысы

ОЙЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЗЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Елдің дамуы мен алға жылжуы жастардың қолында. Балалық шағынан өнер мен білімге ұмтылған оқушылар аз емес. Солардың бір қатары жақында ғана өткен «Зерде» республикалық конкурсынан жеңіспен оралып, үздіктер қатарынан көрінді. Жүйелі жұмыс жүргізген жетекшілер мен үлкен үміт арқалаған өрендер Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында жеңістен кейінгі ой-пікірін ортаға салды.

– 2-7 сыныптар арасындағы республикалық конкурста Сыр өңірінің озаттары оқ бойы озық келді. Оқушыларымыз жетекшілерінің жүйелі жұмысының арқасында жүзден жүйрік шығып жатыр. Бұл әрине біздегі білімнің жеңісі, – деді «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы директорының орынбасары Гүлжахан Ізбасарова.

Бүгінде эко өнім жасауда қаламыздағы Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі оқушылары өзгеден көш ілгері. Жаңа өнім жасауға жұмыла кіріскен оқушылар мектеп атын түрлі сайыстарда шығарып жүр. Сондай озық ойлы оқушылардың бірі – Аңсаған Абдул-Әзиз. Оны республикалық конкурста жеңімпаз қылған – эко сабын. Брифинг барысында Аңсаған алдағы уақытта қандай өнімге көңіл бөлетінін де айта кетті.

– Біздің жобамыздың мақсаты – мектеп жағдайында Эко өнім жасап жаңашылдық енгізу. Қызығушылығымыздың нәтижесі мен жетекшімнің ақыл-кеңесінің арқасында эко сабын жасап шығардым. Алдағы уақытта косметикалық өнімдерге көңіл бөліп, көлемді өндіру ойымызда бар – деді жоба жеңімпазы.

Ал Ералы Ибрайм – №278 мектеп-лицейінің оқушысы. Ақпарат алаңында Ералы өз жобасын көпшілікке таныстырып, конкурсқа дайындықтың қалай жүргізілгенін тілге тиек етті.

– Менің жобам тілдік ақауы бар балаларға бағытталды. Конкурсқа дайындық қарқынды болды. Бүгінде гаджетке байланған балалардың тілдік ақауы көп кездеседі. Соның салдарынан буллинг болады, арты суицидке апаратынынан хабардармыз. Біздің жобаның негізі осы бағытта жүргізілді, – деді жоба жеңімпазы.

№222 орта мектебінің 5 сынып оқушысы Бақыт Кәусар есеп шығаруды ұнатпайтын көптеген оқушының көңіліне қонатын жоба жасаған.

– Менің жобамның тақырыбы – мәтіндік есептерді координаталық жазықтықта бейнелеу. Бұл жобаны жасауыма оқушылардың мәтіндік есепке деген теріс көзқарасы себеп болды. Негізінен мектеп оқушылары мұндай есептерді ұнатпайды. Ал менің бұл жобам арқылы мәтіндік есептерді шығару оңай әрі жылдам жүзеге асады, – деді жоба авторы.

«Абай» атындағы дарынды балаларға арналған мектептің 7 сынып оқушысы Айберген Әнуар үшін аспан әлемі ең қызық, тылсымға толы мекен. Қазіргі таңда ол жетекшісімен бірге таңғажайып аспан әлеміндегі әртүрлі денелерді зерттеу үстінде.

– Мен бала кезімнен аспан әлеміндегі жұлдыздар мен планеталарды зерттеуге қатты қызығатынмын. Бүгінде сол қызығушылығымды дамытып, жетекшіммен бірге жоба жасауды қолға алдық. Жоба арқылы адамдар аспан денелерін смартфон арқылы еркін бақылай алады. Бұл барлық адамдарға, әсіресе оқушыларға қызық болады деген ойдамын. Осы орайда, астрономияны мектепте пән ретінде енгізу керек деген ойымды айтқым келеді. Сонымен қатар, әр мектепте оқушылар мен ұстаздарға арналған смарт обсерватория ашылса және олар қалаған уақытта келіп, аспан әлемін зерттесе деген ұсынысым бар, – деді Әнуар Айберген.

Осындай өнер мен білімге ұмтылған оқушыларымыз бен жасампаз жастарымыздың жасаған дүниелері көңіл қуантады. Оқушылардың болашағына деген сенім мол.

Мақсат ТӨЛЕГЕН

Заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен еніп үлгерді. Осы тұста ақпараттық қоғамды қалыптастыру басты мақсатқа айналып отыр.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ТОЛҚЫНЫ

Адамзат білімге негізделген дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Қазіргі уақытта ақпарат қоғам өмірінде жетекші орын алатын принципті жаңа жағдай пайда болды. Ақпараттық технологиялар өмірді соншалықты жеңілдетті, енді көп күш жұмсамай-ақ, азық-түлікке тапсырыс беруге, тұрмыстық қызметтерге ақы төлеуге, соңғы жаңалықтарды білуге, бізден мыңдаған шақырым жерде тұратын адамдармен байланыста болуға, сонымен қатар медицина, астрономия, виртуалды шындық және тағы сол сияқты салаларда дамып, үлкен жетістіктерге жетуге болады.

Бірнеше онжылдықтар бұрын ақпараттық жүйелердің осындай қуатты дамуы, интернет қызметтеріне деген сұраныс (физикалық объектілердің («заттардың») бір-бірімен немесе адамның қатысуынсыз сыртқы ортамен өзара әрекеттесуі) болатынын елестету мүмкін емес еді. Егер біз медициналық саланы қарастыратын болсақ, бірнеше ондаған жыл бұрын жұртшылық тек армандайтын адам жүрегінің жасанды алмастырғышын жасағанын анық көруге болады. Ақпараттық технологиялардың болашақта қалай дамитынын және оның жалпы адамзатқа қалай әсер ететінін нақты болжау қиын. Алайда, қоғамның өмірін ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес.

Қоғамдық қатынастарда кез келген ақпаратты немесе құжаттарды қағаз нұсқаға қарағанда электронды форматта әзірлеу және ұсыну өзектілігі әлі жалғасуда. Осы тұрғыдан қарағанда дамыған қоғамның негізгі мақсаттарының бірі – электронды, цифрлы байланыс.

Осы үдеріс елімізде басқа органдармен қатар сот жүйесіне де толықтай енді деп айтуға болады. Осы мақсатта оқырманды сот жүйесіндегі цифрлық жаңашылдықтармен таныстырып өткенді жөн санадық.

Бұрын сот органдарына жүгіну кезінде қандай да болмасын арыз, өтінішхат, талап немесе құжаттар қағаз нұсқада ұсынылатын. Өз кезігінде осы формат сотқа жүгінушіге де сот қызметкерлеріне де тиімсіз еді. Себебі кез келген арызды қағаз нұсқада басып шығарады, құжаттардың көшіремесін өткізіп сотқа ұсынады. Ал соттың кеңсе қызметкері ұсынылған барлық құжаттарды сканерлеп іс карточкасына электронды нұсқада салады. Бұл жерде шығын мен уақыттан көп ысырап болады.

Қазіргі таңда сот кабинеті сервисі тұрақты түрде жұмыс жасауда. Осы негізде арызды қағазға шығармай-ақ электронды форматта, басқа құжаттардың сканерленген нұсқадан сотқа электронды цифрлық қолтаңба арқылы жолдауға мүмкіндік туды. Сонымен қоса сот кабиенті арқылы мемлекеттік бажды да ешқандай қосымша алымсыз төлеуге болады. Ал оның түбіртегі сот кабинетіне тікелей орналастырылады. Сондай-ақ сенімхатты да сервис арқылы тегін рәсімдеуге мүмкіндік бар.

Сот кеңесіне келген сот кабинеті арқылы келген электронды арыз бен құжаттар сот органдарының бірыңғай «Төрелік» бағдарламасына енгізіле отырып тіркеледі. Демек бұл жерде құжатты кезектен тыс қабылдау, бір құжатты жою сынды қолайсыз жағдайлардың орын алуы мүмкін емес. Сонымен қатар сотқа жүгінуші өзінің ісінің қозғалысы туралы қашықтықтан бақылай алады.

Бұл дегеніміз сот жүйесі ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз етуде деп айтуға толық негіз бар.

Қорытындылай келе, XXI ғасыр – адамзат дамуының жаңа сатыларының бірі компьютерлік қоғамға өтуімен сипатталады. Қазіргі уақытты адам іс-әрекетіне байланысты барлық салаларда компьютерлік технология кеңіне қолданылатын болды және оның маныздылығы барған сайын арта түсуде.

Раушан ТӨЛЕБАЕВА,
Қызылорда қалалық соты әкімшісінің
бас маман-сот отырысының хатшысы

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу қоғамдағы маңызды мәселе. Ашық және транспарентті әкімшілік жүйені құру – жемқорлықтың алдын алудағы негізгі стратегияның бірі. Жұртшылықтың бюджет және шығындар, шешімдер туралы ақпаратпен танысуы құпия келісімдердің алдын алып, билікті асыра пайдалану мүмкіндігін азайтады.

Бүгінде парақорлықты болдырмау, өз құқықтары мен міндеттері туралы білім беру азаматтардың жауапкершілігін арттырады. Жемқорлық фактілері туралы ертерек хабарлауға жол ашады.

Құқық қорғау органдары, соттар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар парақорлықпен күресіп келеді. Мекемелер тергеу жүргізу және кінәлілерді жауапқа тарту үшін жеткілікті ресурстармен жабдықталған.

Жегі құрттай жемқорлық шекараларды жиі "кесіп өтеді". Сондықтан онымен күресте халықаралық ынтымақтастық өте маңызды. Тәжірибе алмасу, сондай-ақ тергеудегі трансұлттық бірлік сыбайлас жемқорлықты анықтауға едәуір ықпал етеді.

Бұл – қоғамның әділдігін, тұтастығын және тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолындағы маңызды міндет. Транспаренттілік пен ашықтық, халыққа құқықтық білім беру, институттарды нығайту, этикалық стандарттар, халықаралық ынтымақтастық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға және қоғамның дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға көмектеседі.

Сергей АЙТБАЕВ,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының басшысы

СОТҚА ДЕЙІН ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ – ТАТУЛАСУ

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне «Дауларды соттан тыс реттеу» атты жаңа тарау енгізілген. Сондай-ақ, осы мақсатта қолданысқа енгізілген «Төрелік туралы» заңы дауларды соттан тыс шешу жүйесін дамытуға бағытталады. Алғаш рет әлемдік тәжірибеде бітімгершілік рәсімдерін жасау құқығы адвокаттардың құзыретіне берілген екен. Дауды соттан тыс реттеу рәсімдері мәселені шешудегі оңтайлы, ұтымды әрі тиімді тәсілдердің бірі екендігі тәжірибе барысында өз дәлелін тауып келеді.

Тараптар арасында туындаған түйіткілдің түйінін бітімгершілікке келу арқылы оңай тарқатуға болады. Осы орайда, ымыраға келуге бағытталған медиациялық келісімдер мен шарттар жасасу мүмкіндіктері қарастырыған. Яғни заңда дауды бейбіт реттеуге ықпал ету көзделіп отыр.

Дауды сотқа дейін реттеудің ерекшелігі – бұл даулы мәселені азаматтық істің кез келген уақытында бітімгершілік келісіммен аяқтау мүмкіндігінде.

Судья медиацияны жүргізген кезде немесе медиатордың қатысуымен тараптар жасаған келісімді бекіткен кезде басты ережені есте ұстаған жөн: келісім басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұза алмайды және заңға қайшы келмейді. Бұл ретте келісім жазбаша нысанда жасалады және тараптар немесе олардың өкілдері сенімхатта арнайы көзделген келісімді жасасуға өкілеттігі болған кезде қол қояды. Сот келісім бекітілгенге дейін оны жасасудың құқықтық салдарын тараптарға міндетті түрде түсіндіреді. Қарау нәтижелері бойынша сот келісімді бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату не келісімді бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Бір мезгілде судья тараптарға татуластыру рәсіміне, оның ішінде сотқа дейінгі хаттаманы, медиаторды немесе өкілдерді жасай отырып шақыру құқығын түсіндіреді. Өтінішхат немесе өз қалауы бойынша тараптардың татуласуына жәрдемдесуі мүмкін басқа адамдарды татуласу рәсіміне қатысуға шақырады.

Сонымен қатар судья азаматтық істі қозғау және оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады, егер тараптар 10 жұмыс күні ішінде сотқа дейінгі хаттама жасамай, татуластыру рәсімдері шеңберінде келісімді бекіту туралы өтініш білдірсе, сотқа дейінгі хаттаманы жасаумен татуласқан жағдайда мұндай ұйғарым 15 жұмыс күнінен кешіктірілмей шығарылады.

Егер Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде немесе заңда өзгеше көзделмесе, татуластыру рәсімдерін қолдана отырып, дауды реттеу туралы өтінішхат талап қою ісінің кез келген сатысында мәлімделуі мүмкін.

Қорытындылай келе, дауды соттан тыс шешудің бірқатар артықшылықтары бар, мемлекеттік бажды төлеудің қажеті болмайды, егер дау сотта басталса, бірақ бітімгершілік келісіммен аяқталса, баж тараптарға қайтарылады. Сонымен қатар, тараптар дауды, жанжалды бейбітшілікпен шешкен кезде, олар жеке өмірінің немесе кәсіпкерлік қызметінің кейбір тараптарын жариялаудан аулақ бола алады, құпиялылықты сақтай алады.

Бұдан бөлек, татуласу рәсімдерін қолдану кез келген жағдайда дауды соттарда қарауға қарағанда аз уақытты алады. Осы аталған татуласу тетіктерін қолдану арқылы дауды тез, ең бастысы екі тарап үшін де қолайлы келісімге келу арқылы аяқталуына қол жеткізуге болады.

Төлеш НҰРЛАН,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

110 қап күріш қолды болған

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының Криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілдерімен жүргізілген іздестіру іс-шаралары аясында қала аумағында 110 қап, яғни 2 тоннадан астам күрішті ұрлаған қылмыстық топ ұсталды.

Күдіктілердің қоймадан 1 миллион 237 мың теңгені құрайтын «Лидер» күрішін ұрлап жатқаны бейнебақылау камерасына түсіп калған. Жедел уәкілдердің кәсібилігі мен жедел әрекеттерінің нәтижесінде 18 жастағы қылмыстық топтың төрт мүшесі ұсталып, басқарманың уақытша ұстау изоляторына қамалған.

Қазіргі таңда күдіктілерге қатысты ұрлық дерегі бойынша қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

Облыстық Полиция департаменті және Қазалы аудандық полиция бөлімінің жедел уәкілдері түйе ұрлаған күдіктілерді қолға түсірді. Осы жылдың ақпан айында аудандық полиция бөліміне малдары ұрланған Әйтеке би кентінің тұрғындарынан арыз түседі. Полиция қызметкерлері дереу жедел-іздестіру шараларына кірісіп, арам пиғылдарын жүзеге асырған ұрыларды анықтайды.

Түйе ұрлағандар тұтқындалды

Тексеру барысында олардың 9 түйені далалық жерде жайылып жүрген жерінен атып, сойып алып кеткендігі белгілі болды.

24-30 жастағы қылмыстық топтың мүшелері ұсталып, бөлімнің уақытша ұстау изоляторына қамалған. Айғақ зат ретінде аңшы мылтығы мен оның патрондары, пышақтар, мал терісі алынған.

Қазіргі таңда күдіктілерге қатысты ұрлық дерегі бойынша қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Полиция қызметкерлері күдіктілердің облыс аумағындағы басқа да қылмыстарға қатыстылығын тексеруде.

Күдіктілер кептірілген марихуана сақтаған

Облыстық Полиция департаментінің Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкерлерімен жүргізілген жедел-іздестіру шараларының нәтижесінде Қызылорда қаласының 34-38 жастағы екі тұрғынының үйін тексеру барысында ірі мөлшерде есірткі анықталған.

Олардан 12 дана газетке оралған, 1 полиэтилен пакетке салынған, өзіне тән иісі бар, жасыл түсті шөп айғақ зат ретінде алынған.

Тағайындалған сараптама қорытындысына сәйкес тәркіленген шөп салмағы 1,5 келіден асатын «кептірілген марихуана» болып шыққан.

Күдіктілер уақытша ұстау изоляторына қамаққа алынды. Қазіргі таңда күдіктілерге қатысты есірткіні сақтау дерегі бойынша қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.

«АЖ» ақпарат

ФИТНЕС – СҰЛУ ӨМІРДІҢ СЕБЕПКЕРІ

Фитнес – кез келген жаста жасауға болатын пайдалы спорт түрі. Оның дене сымбаты мен әдемілікті қалыптастыруда септігі мол.

Әрбір адам өз дене бітімі мен сыр-сымбатының келісті, әдемі болғанын қалайтыны анық. Сол үшін де күнделікті күйбең тіршіліктен уақыт тауып, дене тәрбиесіне тұрақты көңіл бөлетіндер аз емес. Осы тұрғыда көбісі фитнес орталықтарының қызметіне жүгінеді. Фитнес орталықтарына адамдар түрлі себептермен келеді. Бірі салмақ тастап, арықтауды қаласа, кейбіреуі бұшықеті бұлтылдаған, сымбатты денені қалайды. Жаттығу залында ер-азаматтармен қатар қыз-келіншектердің де қарасы қалың. Адам бойының өсу процесі 18-25 жас аралығында тоқтайды. Осы жасқа дейін дұрыс дене бітімін қалыптастырғаны жөн.

Қызылорда қаласында фитнес-клубтардың саны артып келеді. Сапаға баса назар аударатын келушілер жаттығу залын өздері тұратын аймаққа жақын жерден таңдайды. Одан кейін залдың ішкі тазалығы мен спорт құрал-жабдықтарының түріне мән береді. Фитнес клубта тәжірибелі жаттықтырушы маманның пікірі маңызды. Бүгінде «Red Gym», «LADY GYM», «Arystan.gym», «IMPULSE» секілді фитнес клубтар халық сұранысына ие. Баға тиімділігі де аталған спорт орталықтарына келушілер санын арттырады. Өз бетінше жаттығу жасайтындармен қатар жаттықтырушы қызметіне жүгінетіндер көп. Келушілердің жасы, дене бітімі, бойы мен салмақ дәрежесіне қарай әртүрлі тапсырмалар мен жүктемелер беріледі. Жаттығу залында спортпен шұғылдану арқылы координация, күш, төзімділік, жылдамдық көрсеткіштері және икемділік секілді дененің барлық физикалық сапаларын жақсартуға болады.

Көптеген келушілер жаттықтырушы немесе спорттық дәрігердің көмегімен келісімді түрде жаттыға отырып, денсаулығына қатысты көп мәселелерді шешеді. Өйткені күштік жабдықтардағы жаттығулар механотерапия және көптеген аурудың алдын алады. Жаттығу залындағы жүгіру, велосипед тебу секілді жеңіл физикалық жаттығулар арқылы тыныс жолдары аурулары мен созылмалы буын ауруларын емдеуге болады. Дене тәрбиесінде жақсы нәтижеге жету үшін бір айдан аса уақыт тұрақты жаттығу қажет.

Дамыған елдерде тұрғындардың 20-22 пайызында фитнес-клуб картасы бар екен. Еуропада бұл сан орташа есеппен 15%. ТМД елдерінде ең жоғарғы көрсеткіш Ресей астанасы Мәскеу қаласында 12-14% аралығында. Қазақстанда 1,5%, максимум 2%-ды құрайды. Қазақстандағы фитнес-клубтардың саны 4000-нан асқан. Қазір қоғамда фитнес табысты адамның көрсеткішіне айналып жатыр. Жаттығу залындағы фото мен видеоны адамдар міндетті түрде әлеуметтік желілерге салады. Осы арқылы Қазақстанда фитнестің танымалдылығы арта түскен.

Сыр мен сымбаты келіскен, сұлу дене бітімін қалыптастыру оңай емес. Дене тәрбиесінде ең маңыздысы төзім мен сабырды ұштастыра білу.

Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

ҚҰЛПЫНАЙ ҚҰПИЯСЫ: МАХАББАТ ҚҰДАЙЫНЫҢ СИМВОЛЫ

Бельгиялық шоколад пен құлпынайдың нәзік комбинациясы сұранысқа ие. Бұл десерттің де тарихта таңбасы бар. Чикаголық Stop «N» Shop мейрамханасында жұмыс істеген Лорейн Лоруссо ойлап тапқан. Осылайша жылдам әзірленетін тәтті жаһанға тез таралып, сатыла бастаған. Қазір Қазақстанда да кәсіп көзіне айналып, тәттіден табысқа кенеліп отырғандар жоқ емес.

Шоколадты құлпынайды сыйлық ретінде ұсынудың сан нұсқасы бар. Мәселен букетке орап немесе себетке салуға болады. Ал қораптың төменгі бөлігін десерт, жоғары бөлігін раушан гүлімен толтыруды романтиктер құптайтыны сөзсіз. Сайып келгенде құлпынай махаббатпен ассоциацияланады. Жемістің тарихы Ежелгі Римнен бастау алып, қызыл түсіне байланысты махаббат құдайы Венераның символы болған. Дереккөзге сүйенсек, дәмді десерт Валентин күнінде және үйлену тойда швед үстелдерінде жиі қойылған. Тіпті елімізде де жас жұбайлар той үстінде торт әзірлеп, құлпынаймен безендіретіні көпке таныс. Айтпақшы, «Құлпынай иісі» түрік сериалы жастар арасында танымал болғаны есте. Осы ретте сезім сырымен сабақтас жемістің құнарлы екенін де айта кеткен жөн.

Иммунитет әлсірегенде көкөніс пен жеміс-жидектің ағзаға пайдалы екенін білеміз. Әсіресе құлпынайдың оң әсерін зерттеулер дәлелдеген. Деректерге сәйкес, мидың қартаю процесін баяулатып, есте сақтау қабілетінің қалыпты болуына ықпал етеді. Сондай-ақ көру қабілетін жақсартып, катарактаға және көздің құрғауына жол бермейді. Демек бұл бүлдіршін мен егде жастағы адамдарға пайдалы деген сөз. Құлпынайды қант диабетімен ауыратындарға да ұсынады. Өйткені бұл қандағы қант деңгейін реттейтін жидектің бірі. Жүйке жүйесі жұмысын жақсартып, қан тамырларын тазартады. Құрамында С дәрумені болғандықтан да құнарлы. Деректерге сүйенсек, бір уыс құлпынайда бір апельсин құрамынан көп С дәрумені бар. Бірақ бұл жылыжайда емес ашық күн астында өсірілген жидекте ғана кездеседі. Расымен тізбектей берсек пайдасы жетіп артылады. Денедегі зиянды заттар әсеріне де төтеп берер қабілеті бар.

Десек те құлпынайдың бәрі бірдей пайдалы емес екенін ескерген ләзім. Орташа және ұсақ жидектерде дәрумендер көбірек болады. Ал сатып алған құлпынайдың беткі қабатынан дақ байқасаңыз, бұл жидекті өсіргенде химиялық зат қолданылғанын білдіреді. Осындай бірнеше белгі жидекті сақтықпен таңдауға себеп. Сондықтан шоколадты құлпынайды сыйлыққа берерде алыс өңірден тапсырыс берудің қажеті жоқ. Өйткені десертті бір күн сақтауға болады. Тоңазытқышсыз құлпынайдың еритіні айтпаса да түсінікті. Көңіл-күй мен сергектік сыйлау үшін десерттің декорына ғана емес, жидектің сапасына да назар аударған дұрыс.

Қаламыздағы Berry Bon – шоколадты құлпынайдың ордасы. Әдемі әрлеп, ерекше дәммен ұсынғандықтан болар, сонда аяқ басатындардың қарасы қалың. Мұның өзі десертке сұраныстың артпаса кемімейтінін білдіреді.

Нәзік АХМЕТ

ЖАСТАР ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖАНР

Подкаст ұғымы туралы соңғы кезде көп естиміз. Бұл жастар қауымына таңсық емес жанр. Аты енді танылып келе жатқанымен, медиаөнімнің даму жолы 2000 жылдары басталған. Ал 2004 жылы ерекше өнім қалың тыңдарманға жол тартты. Алғашында Apple өнімдері арқылы етек жайса, қазір кез келген құрылғы арқылы тыңдауға мүмкіндік бар.

Жаңа жанрды сұхбатпен шатастырушылар көп. Бұл – орынды пікір. Дегенмен подкаст жанры сұхбаттағыдай тек сұрақ қойып, оған жауап алумен ғана шектелмейді. Кейіпкер де, подкастердің өзі де тақырып шекарасындағы таптаурындардан асып, пікір алмасуға құлықты. Өз-іңізге ыңғайлы кез келген уақытта тыңдап, өзге жұмыстарыңызбен айналыса берсеңіз болады. Ұтымдылығы да осы. Сондай-ақ радионың орнын басады деген де сыбыстар ел арасында тараған рас. Алайда бұл – қате пайым. Себебі ақпарат таратушы екі жанр айрықша функцияларымен ерекшеленеді.

Подкаст әртүрлі тақырыпта болады. Рухани, діни, психологиялық, саяси, медицина және басқа да мәселелерді қозғайды. Танымал подкасттардың бірі – «Теңдессіз дұға». Діни жобаның жетекшісі Бақытжан Мейрамбеков, ал жүргізушісі Малика Айтжанқызы. Жоба бойынша кітап та жарыққа шықты. Шоу-бизнес жұлдыздары – Мөлдір Әуелбекова, Айжұлдыз Адайбекова, Нұрай Жеткерген, сондай-ақ психологияға қызығатын жандардың осы подкасттың қонағы болып жүргенін байқаймыз. «Тамаша жыл», «Qarlygashpodcast» экология саласындағы мәселелерді қозғайды. «Oy-Detox»-та ақпарат айдынында адаспау туралы әртүрлі сала мамандарымен сұхбат құрса, «FindyourB» қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығып, мотивациялық тұрғыда көрерменге ой саларлық дүниелерді баяндайды. Осы іспеттес басқа да пікірталас алаңдары үздіксіз жарыққа шығып отырады.

Жастар арасында «Дәстүрлі подкаст» жоғары танымалдылыққа ие болды. Мистикаға толы оқиғаларды баяндаған бұл жоба «Дәстүр» фильмі аясында жарыққа шығып, рейтингі аз уақыт ішінде жоғарылады. Жобаны «Ирина Кайратовна» тобының солисті Алдияр Жапарханов жүргізді. Әлеуметтік желілерде танымал блогерлер мен актерлар, көптеген өнер өкілдері подкасттың қонағы болды.

Жалпы әлеуметтік желіде, Youtube-та подкасттар жиі жарық көре бастады. Қазір лицензиясыз да подкаст шығаратындар жеткілікті екен. Бұл олқылық жанрдағы сапасыз контенттің көбейіп, құлдырауына әкелетіні сөзсіз. Сондай-ақ медиаөнімді арнайы подкастқа арналған қосымшаларға жүктеудің орнына, әлеуметтік желіге жүктей салатындар бар. Бұл ескеруге тиіс қателік. Себебі Youtube-қа жүктелінетін контент бөлек, ол – ютуберлердің жасайтын дүниесі. Ал подкастқа арналған арнайы бірнеше қосымшалар жұмыс істейді.

Уақытты тиімді өткізу үшін бір уақыт подкаст жанрына бет бұрған дұрыс. Пайдалы және керекті ақпарат бере алады деген сенімдеміз.

Нұршат НЫШАНОВА

Ақмешіт жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айдар САЙЛАУОВ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Кезекші редактор: Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

Таралымы: 7123
Тапсырыс: 427